

## Features of passing to 12-years-old educating in Republics of Kazakhstan

In the article, with a 12-year education in Kazakhstan. In recent years, significant steps have been taken to upgrade the education system. So, executed the development and implementation of the state compulsory education standards, the introduction of diversified education, work began on the development of criteria for evaluating the quality of education. But the results do not provide full development of human capital. Transforming to the 12 year education will be the important news in the scientific and educational sphere. Kazakh secondary school in recent years significantly changed. Made major steps to support the upgrading of the education system, including the development and implementation of the state compulsory education standards, the introduction of a three-stage model of higher education on the basis of the credit technology, the introduction of diversified education, work has begun on the development of criteria for assessing the quality of education.

### References

- 1 Smagulova G.K. *Vestnik KazNU named after. Al-Farabi*, Almaty, 2012 p.
- 2 Karibaeva A.A. *Journal of KazNPU Abay. Ser. The languages of the peoples of the world*, 2006, 1 (8), p. 87–89.
- 3 Druzinski A.N. *Proceedings of International scientific-practical conference «Scientific support to the functioning of a 12-year secondary education»*, Almaty, 2007, April, 20–21, 1, p. 45–49.

ӘОЖ 374.317.59.1

Г.С.Әшімханова, А.С.Құдарина, Н.А.Сәдуақасова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*  
(E-mail: banu\_asyl@mail.ru)

## Инновациялық технологияларды қолдану арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың сөйлеу тіліндегі дыбыстық кемшіліктерді түзету мәселелері

Мақалада инновациялық технологияларды қолдану арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың сөйлеу тіліндегі дыбыстық кемшіліктерді түзету мәселелері жайлы қарастырылған. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеу кезінде ең басты әрекеттердің бірі — ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану мәселелері бойынша кәсіптік міндетін және педагогтық шеберлігін көтеру. Инновациялық технологияны меңгеру мүмкіндігі шектеулі балалардың интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізетіндігі, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектесетіндігі жайлы аталып өткен.

*Кілт сөздер:* мүмкіндігі шектеулі, сөйлеу бұзылыстары, инновациялық технологиялар, оқу, дискуссия, ақпарат, дыбыс, әдіс-тәсіл, инновация, бинарлы, медициналық, педагогикалық, психологиялық, жаңашыл, жаңа әдіс, өзгеріс, әдістеме.

Қазақстан Республикасында кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туғанынан бастап баланы кәмілеттік жасқа толғанға дейін жаппай кешенді медициналық, педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік тексеру мен кәсіби диагностика жүргізу, оңалтудың жеке бағдарламасын әзірлеу, медициналық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік қызметтер көрсету және еңбекке баулу арқылы жүргізіледі деп атап көрсеткен [1].

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа онжылдық — жаңа экономикалық өрлеу — Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» 2010 жыл 20 қаңтардағы халыққа Жолдауына байланысты Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның жобасын әзірледі. 2010 жыл 19 наурыз № 957 Жарлығында баяндағандай:

Мақсаты: экономиканың және азаматтардың әл-ауқатының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адами капиталды дамыту үшін оны түбегейлі жаңғырту.

Міндеттері: жан басына шаққандағы қаржыландыру әдістемесін әзірлеу және оны білім беру ұйымдарына енгізу, білім берудегі менеджментті жетілдіру, педагог мамандығының мәртебесін көтеру, оқу үрдісін автоматтандыруды енгізу, мектепке дейінгі ұйымдардың желісін арттыру, 12 жылдыққа көшу, шағын жинақты мектептердің санын қысқарту, мектептерде инклюзивті білім беруді жетілдіру, техникалық және кәсіптік білім беруді еңбек нарығын сұраныстарына сәйкес кадрлармен қамтамасыз ету, еліміздің индустриалды-инновациялық даму жобаларын жоғары және жоғары оқу орнына кейінгі білімді кадрлармен қамтамасыз ету, еуропалық аймаққа жоғары білімнің кірігуін қамтамасыз ету, ғылым және білімнің кірігуін қамтамасыз ету, интеллектуалды меншік өнімдерін коммерциализациялау үшін жағдай жасау [2].

Осыған орай мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық қабілеттерін арттыру жолында инновациялық технологияларды қолдану, оның ішінде компьютерлік технологияларды пайдалану, арқылы оқыту процесін дифференциацияландыруды және индивидуалдандыруды қажет ететін логопедиялық түзету жұмыстарында маңыздылығы айқындалады.

Мүмкіндігі шектеулі баламен жұмыс істеу кезінде ең басты әрекеттердің бірі — ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану, мәселелері бойынша кәсіптік міндетін және педагогтық шеберлігін көтеру. Мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық іс-әрекетімен эмоциялық ерікті жағының кемшіліктерін еңсеру, өз бетімен өмір сүруде, балаларды қазіргі қоғамдық жағдайларда әлеуметтік бейімделуге дайындау, осы балаларды оқыту процесіне заманауи әдістемелер мен технологияларды енгізу. Мүмкіндігі шектеулі балалардың сөйлеу тілінің дыбысталу жағын түзету де инновациялық технологияларды қолдану, мүмкіндігі шектеулі балалардың сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді түзетуге өз септігін тигізеді. Себебі адамдардың әрбір іс-әрекеті кеңістікте бағдарлану қабілетімен тығыз байланысты. Еркін кеңістікте бағдарлану әдістерінің негізі мүмкіндігі шектеулі балаларға, арнаулы мектеп бітірушілерінің өзіндік тәрбиесін, өздерінің біріккен әлеуетті мүмкіндіктерін жүзеге асыра алуына жағдай жасайды. Жоғарғы сыныптарда мүмкіндігі шектеулі балалар кеңістікте бағдарлану ілім біліктерін меңгеріп шығады. Себебі онсыз интернат жағдайында балалардың өмірге бейімделуі мүмкін емес. Бірақ меңгеру дәрежелері әр түрлі.

Кейінгі жылдары жиі пайдаланылып келе жатқан жаңа ұғымдардың бірі — инновация. Инновацияны жете түсініп, инновациялық әдіс-тәсілдерді мектеп өміріне кеңінен енгізу жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден бір шарты болып табылады.

«Инновация» ұғымын анықтайтын нақтылы анықтама әлі де жасала қойған жоқ. «Инновация» — бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже. Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже — жаңалыққа бет бұрудың кілті.

Инновациялық үрдістің негізі — жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл, яғни, бір мұғалім үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді.

Инновацияны «жаңашыл», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме құралы» деп қарауға болады. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мүмкіндігі шектеулі балалардың интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Инновациялық педагогикалық технологияларын шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады [3].

Информатиканы оқыту әдістемесі сабағын қызықты өтуі мұғалімнің үнемі іздену, ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдану, оқыту әдістемесін жаңартып отыруына байланысты. Қазіргі таңда әдістеме пәнінің мұғалімдері инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Оқу-тәрбие үрдісінде қолданып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген инновациялық педагогикалық технологиялар мыналар:

- дамыта отырып оқыту әдістемесі;
- оза отырып оқыту;
- тірек және тірек конспектілер арқылы оқыту;
- деңгейлеп оқыту технологиясы;
- тесттік жүйемен оқыту;
- имитациялық әдіс;
- мультимедиа мүмкіндіктерін қолданып оқыту;
- ойын технологияларын қолдану;
- дискуссия сабақтары;
- интеграциялық сабақ;
- топпен жұмыс;
- панорама сабағы;
- проект әдісі (жоба);
- рольдік ойындар;
- критикалық ойлау технологиясы;
- «Алты қалпақ» технологиясы;
- лекция-семинар сабақтары;
- «мозаика» сабақтары;
- проблемалық оқыту әдісі;
- «миға шабуыл» әдісі;
- эвристикалық әңгіме әдістемесі;
- бинарлы сабақ;
- экскурсия сабағы;
- қашықтықтан оқыту технологиясы;
- ынтымақтастық технологиясы.

Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жоғарыда көрсетілген инновациялық педагогикалық технологияларды жан-жақты қызықтыра қолдану өте тиімді. Заман талабына сай мүмкіндігі шектеулі балалардың сөйлеу тіліндегі кемшіліктерін компьютерлік технологияларды пайдалану, арқылы түзете-дамыту мәселелері жайлы болмақ.

Оқыту, білім беру тәжірибесі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап етеді. Сол себепті педагогикалық үрдісті технологияландыру мәселесі маңызды болып саналады.

Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты адамға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың жаңа технологиялары пайда болуда.

Жаңа ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзінің кез келген нақты формасында тиімдірек орындалады, адам өркениетті бола бастайды.

Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютер де оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса, барлық сабақтарды компьютерлердің қуаттануымен жүргізуді үйрену — бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі.

Соңғы жылдары білім беру аясы жүйесінде компьютерлік техниканы пайдалану белсенді түрде жүзеге асырылуда. Білім беру жүйесіндегі жаңа ақпараттық технология дегеніміз — оқу және оқу-әдістемелік материалдар жинағы, оқу қызметіндегі есептеуіш техниканың техникалық құралдары, олардың ролі мен орны туралы ғылыми білімнің жүйесін және оқытушылар еңбектерін жүзеге асыру үшін оларды қолдану формалары мен әдістері деген анықтама беруге болады. Яғни, ақпараттық технология — білім беру мекемесі мамандарының жұмысын жүзеге асырушы әдістер мен формалар және балаларға білім беруші құрал.

Ақпараттық технология қызметінің құралы ретінде жаңа ақпараттық технологияның компьютерлік құралдары қолданылып жүр, алайда заман талабына сай компьютерлік техниканың дамып жетілуіне байланысты ғылыми сипаттағы компьютерлік бағдарламаларды дені сау балаларға жасау керек болса, ал мүмкіндігі шектеулі балалар үшін олардың іс-әрекетінің интеллектуалды құрылысымен сәйкес келуі тиіс.

Педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерде оқытуда ақпараттық технологияларды пайдаланудың бірнеше бағыттары көрсетілген, солардың ішінде мектептегі оқу практикасында қажеттілерінің негізгілері мыналар: компьютер — оқушы білімін бағалау құралы; компьютерлік модельдеуді қолданатын зертханалық практикум; мультимедиа-технология, жаңа материалды түсіндірудегі иллюстрациялық құрал; дербес компьютер, білім жетілдіру құралы.

Бастауыш мектепте білім берудің негізгі мақсаты әр балаға белгілі бір уақыт аралығында белгілі ақпараттар көлемін меңгертіп оны практикада қолдануға үйрету. Мұғалімге мұндай міндетті шешуде оқытудың дәстүрлі әдістер мен заманауи ақпараттық технологиялар, оның ішінде компьютерлік технологиялар көмектеседі. Сабақта компьютерлік технологияларды қолдану оқыту процесін дифференциацияландыруды және индивидуалдандыруды қажет етеді. Бұл әсіресе логопедиялық түзету жұмыстарында өте маңызды. Бастауыш мектептерде сабақта компьютерді қолдану қажеттілігінің бірнеше маңызды себептерін атап өту қажет [4].

Біріншіден, оқыту процесін бастауыш мектеп жасындағы балалардың физиологиялық және психоэмоционалды ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастыру. Мысалы: психологтар жеті жастағы бала үшін тұрақты жұмыс пен керемет мансаптың маңызды емес екендігін дәлелдеген. Бастауыш мектеп жасында балаларға алдына баланы оқыту процесіне белсенді қатысуына ынталандыру, оқып білім ағызу өте қиын. Сондықтан дәстүрлі оқытушылар үшін баланың ынтасын жоғарылатуда келесідей мақсаттарды қоюды үйретеді: қасындағы парталасынан тезірек оқуға үйрету; анасын ренжітпеу және т.б. Мұндай әдістер қолданылмаған жағдайда балалар барған сайын инфантильді бола түседі.

Кіші мектеп жасындағы балалар үшін ойын әрекеті маңызды екенін ескере отырып, тек компьютердің интерактивті мүмкіндігі арқылы жоғарыда аталған мәселені шешуге болады. Оқытуда мамандандырылған компьютерлік технологияларды қолданудың бір ерекшелігі түзету сабақтарында баланың ынта, түрткі дайындығын жоғарлатуға мүмкіндік береді. Оның шеңберінде бала өзі шешім қабылдай алу мүмкіндігін дамыта отырып, бастаған ісін аяқтауға дағдыланып, өз әрекетін өз бетінше жүзеге асыра алады.

Компьютермен қарым-қатынас оқушылардың қызығушылығын тудырады, басында ойын түрінде, кейін келе оқу әрекеті ретінде жүзеге асады. Мұндай қызығушылықтарға балалардың танымдық ынтасын, саналы ес пен зейінін жатқызуға болады. Ал балалардағы мұндай сапалар баланың мектепте оқуға деген психологиялық дайындығын қамтамасыз етеді.

Екіншіден, әр баланың толық көлемде бағдарлама материалдарын меңгеру мақсатындағы оқушылардың әр түрлі дайындық деңгейін ескеру, ес, зейіннің даму деңгейін ажырату арқылы индивидуалды және дифференциалды оқытудың техникалық процесінің шынайы мүмкіндіктері. Бұл баланың ойлау әрекетінің жоғарғы немесе төмен деңгейде екендігін анықтауға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, сабақта компьютерлік тестерді және диагностикалау кешенін қолдану мұғалімдерге оқытылған материалды баланың қанша уақытта меңгергендігі туралы нақты мағлұмат алуға мүмкіндік береді. Жаңа ақпараттық технологиялар, әсіресе тіл кемістігі бар балаларды түзету-дамыту жұмыстарында перспективті құрал бола алады.

Сөйлеу тілінің жалпы жетілмеуін түзету мен оқыту мәселесіне арналған зерттеулер сөйлеу тілінің жетілмеуін жүйелі түзету қиын да ұзақ процесс екендігін көрсетеді. Сондықтан да СТЖЖ балалардың даму ерекшеліктері мен заңдылықтарын ескере отырып, оқыту-түзету процесінде арнайы компьютерлік технологияларды қолдану түзету жұмыстарының тиімділігін арттырып, мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық процесін тездетіп, оларды екінші ауытқуның, жазба тілдің бұзылуының алдын алып және кіші мектеп жасындағы балалардың әлеуметтік дезадаптациясы қауіпін төмендетеді.

Ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижесі компьютерлік құралдар коррекциялық сабақ мазмұны емес, ол тек бала дамуындағы ауытқуды түзетуге мүмкіндік беретін қосымша құрал. Өз жұмыстарында компьютерлік технологияларды қолданатын логопедтер үшін арнайы оқытудың екі негізгі міндетін шешу қажет. Яғни, балада компьютерлік технологияларды қолдану дағдысын қалыптастыру және компьютерлік технологияларды олардың психофизиологиялық ауытқуларын түзету мен дамыту үшін қолдану машығы пайда болады.

Дамуында ауытқуы бар балалардағы түзету-дамыту жұмыстары үшін арнайы мамандандырылған немесе бейіндендірілген компьютерлік бағдарламаларды қолдану ұсынылады. Оларды қолдану тиімділігі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі мен жаңа мүмкіндіктерді қолдану дағдысына байланысты. Сондай-ақ мұғалім жаңа инновациялық технологияларды енгізуде балалардың мотивациясын жоғарлатып, психологиялық қолайлы жағдайлар туғыза білуі шарт.

Арнайы педагогикадағы жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың басым міндеті — балалардың өздері үйренген негізгі технология мен есептеуіш технологияны оқыту емес, олардың өмір сүру ортасына кешенді түрленген, баланың белсенді шағармашылық әрекетін дамытуда жаңа ғылыми негізделген құралдарды енгізу.

Сөйлеу тілінің әр түрлі кемістіктері бар балаларды оқыту тиімділігі компьютерлік бағдарламалардың, әдістемелердің оқу процесіне сәйкестік дәрежесіне байланысты. Соңғы кезде мүмкіндігі шектеулі балалардың сөйлеу тіліндегі кемістіктерді жоюда жаңа технологияларға мән берілуде. Компьютерлік технологиялар күшті әрі тиімді түзетуші құрал ретінде қолданылады. Компьютерлік технологиялар дәстүрлі индивидуалды логопедиялық сабақтар құрамына қосымша инновациялық элементтер ретінде енгізілді. Өз жұмыстарында компьютерлік технологияларды қолданушы логопед компьютердің балаға аз да болса кері әсер ететіні жайлы да ұмытпағаны жөн.

Коррекциялық курста компьютерлік ойындар қолданатын индивидуалды бағдарламаларды дайындауда зерттеу нәтижелері қарастырылады. Онда ең алдымен компьютерде жұмыс жасаудың қауіпсіздігі, бір баламен сабақтың ұзақтығы, оқушылардың компьютермен орындайтын жұмысқа деген психологиялық дайындығы ескерілуі керектігі көрсетіледі. Мұнда ең маңыздысы — компьютерлік ойындарды дұрыс таңдай білу, яғни баланың физиологиялық және жас ерекшеліктерінің мүмкіндіктерін ескеру қажет [5].

Қорыта келгенде, мүмкіндігі шектеулі балалардың сөйлеу тіліндегі кемістіктерді түзету процесінде компьютерлік технологияларды қолдану түзету жұмыстарының нәтижесін арттыра түседі. Сөйтіп, мүмкіндігі шектеулі балалардың оқудағы жетістіктеріне жол ашады. Компьютерлік технологияларды мүмкіндігі шектеулі балалардың сөйлеу тіліндегі кемістіктерін логопедиялық түзетуде қолдану түзету-дамыту және білім беру міндеттерін қатар жүзеге асыра алады, әрі оқушылардың психологиялық даму заңдылықтары мен ерекшеліктерін де ескереді.

Түзету процесінде компьютерлік технологияларды қолдану баланың зақымданбаған қабылдау қабілеттері негізіндегі компенсаторлық механизмдерін белсенділендіруге септігін тигізеді. Сөйлеу тілі кемістіктерін түзету және оқушылардың көру және есту арқылы қабылдау мүмкіндіктеріне сүйенеді. Инновациялық технологияларды қолдану арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың сөйлеу тіліндегі дыбыстық кемшіліктерді түзету мәселелерін қарастыру жолдарын жан-жақты ашуға мүмкіншіліктер күннен күнге жоғарлауда.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Садовникова И.Н.* Нарушения письменной речи и их преодоление у младших школьников. — М.: Владос, 1997. — 256 с.
- 2 *Коррекционная педагогика в начальном образовании: Учеб.пособие для студ. средних пед. учеб. заведений / Г.Ф. Кумарина, М.Э. Вайнер, Ю.Н. Вьюнкова и др. / Под ред. Г.Ф. Кумариной.* — М.: Академия, 2003. — 320 с.
- 3 *Игнатьева С.А.* Коммуникативная культура будущих учителей-логопедов как условие становления их профессиональной компетентности // *Воспитание и обучение детей с нарушениями в развитии.* — 2006. — № 6. — С. 3–7.
- 4 *Основы логопедической работы с детьми / Под ред. Г.В. Чиркиной.* — М.: Аркти, 2002. — 240 с.
- 5 *Лурия А.Р.* Психологическое содержание процесса письма // *Хрестоматия по логопедии.* — М.: Владос, 1997. — Т. 2. — С. 326–333.

Г.С.Ашимханова, А.С.Құдаринаова, Н.А.Садвақасова

### **Роль инновационных технологий в коррекционной работе по исправлению звукопроизношения у детей с ограниченными возможностями**

В статье описаны инновационные технологии в коррекционной работе по исправлению звукопроизношения у детей с ограниченными возможностями. Рассмотрены также особенности применения информационно-коммуникативных технологий и совершенствование педагогического мастерства. В настоящее время, отмечают авторы, наблюдается все большее увеличение медиа-инновационных технологий, особенно сильно действующих на ребенка, который с большим удовольствием смотрит телевизор, чем читает книгу. Авторами отмечено, что мощный поток информации, рекламы, распространение игровых приставок, электронных игрушек и компьютеров оказывают большое влияние на восприятие ребенком окружающего мира.

G.S.Ashimhanova, A.S.Kudarinova, N.A.Sadvakasova

## The role of innovative technologies in correctional work to remedy zvukoproiznoshenija children with disabilities

This article describes the innovative technologies in correctional work to remedy zvukoproiznoshenija children with disabilities. Also in the features of the application of information and communication technologies and the improvement of pedagogical skills. Currently, there is a growing increase in the media - innovative technologies for human, especially strong effect on the child who is with great pleasure watching TV than reading a book, a powerful flow of information, advertising, distribution of video game consoles, electronic toys and computers has a great influence on his perception of the world.

### References

- 1 Sadovnikova I.N. *Violations of writing speech and their overcoming for junior schoolchildren*, Moscow: Vldos, 1997, 256 p.
- 2 *Correction pedagogics is in primary education*, studies manual for Student AV pedagogical educational establishments, G.F. Coumarina, M.S. Vainer, Yu.N. Viyunkova et al., under edit. G.F. Coumarina, Moscow: Academy, 2003, 320 p.
- 3 Ignat'eva S.A. *Education and educating of children with violations in development*, 2006, 6, p. 3–7.
- 4 Bases of speech therapy work with children / Under edit. G.V. Shircina, Moscow: Arkti, 2002, p. 240.
- 5 Luria A.R. *Reading-book on logopedi*, Moscow: Vldos, 1997, 2, p. 326–333.

УДК 378.147

Г.Д.Бабушкин<sup>1</sup>, Н.А.Шакина<sup>1</sup>, Н.Р.Рамашов<sup>2</sup><sup>1</sup>Сибирский государственный университет физической культуры и спорта, Омск, Россия;<sup>2</sup>Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова  
(E-mail: gena41@mail.ru)

## Формирование компетенций рекламирования ценностей физической культуры и спорта у студентов физкультурного вуза

В статье представлена значимость рекламирования ценностей физической культуры и спорта для населения. Выделены профессиональные компетенции, необходимые для рекламирования ценностей физической культуры и спорта. Авторами выявлен низкий уровень сформированности компетенций у специалистов по физической культуре и спорту и студентов физкультурного вуза. Разработана методика формирования компетенций рекламирования ценностей физической культуры и спорта у студентов физкультурного вуза в рамках учебного процесса.

*Ключевые слова:* формирование, компетенция, студенты, рекламирование, физическая культура, спорт, профессиональная деятельность, физкультурный вуз, педагогические технологии.

*Актуальность* исследования обусловлена тем, что современные социально-экономические условия характеризуются рыночными отношениями, направленными на коммерциализацию практически всех профессиональных сфер, что влечет за собой возникновение конкуренции и необходимости получения прибыли за счет рекламирования (пропагандирования) продуктов своей профессиональной деятельности. Названные понятия являются синонимами и означают распространение взглядов, идей, фактов, услуг, товаров и т.д., адресованных определенному кругу лиц и направленных на привлечение внимания к объекту рекламирования для достижения тех или иных целей. Рекламирование осуществляется посредством различных форм и средств рекламы.

Современная реклама, являясь неотъемлемым элементом жизни общества, выполняет не только маркетинговые, но и социокультурные функции, заключающиеся в передаче культурного опыта, нормоценностных ориентиров и поведенческих моделей, содержание и направленность которых